

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы Жастар
кадр резерві жөніндегі ұлттық
комиссияның
2023 жылғы 10 тамыздағы
№ 23-42-7.1 хаттамасына
1-ҚОСЫМША

Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу ТӘРТІБІ

1. Құжаттарды қабылдау

Құжаттарды қабылдау Президенттік жастар кадр резервінің онлайн-платформасында (pkrezerv.gov.kz) кандидатты тіркеу және оған бағалау кезеңдерінде кандидаттың жеке деректерін иесіздендіру үшін пайдаланылатын жеке нөмір беру арқылы жүргізіледі. Тіркелген кандидаттар жеке кабинетке логин мен пароль арқылы кіреді.

Тіркелу кезінде кандидаттар білім туралы және еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелерін, белгіленген талаптарға сәйкес мемлекеттік тіл бойынша тиісті орта деңгейдегі нәтижемен тестілеуден өткені туралы белгіленген нысандағы жарамды ресми сертификатты жүктейді, мемлекеттік басқарудың қызығушылық танытқан саласын, сондай-ақ мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалаудан өту уақытын таңдайды. Іріктеу Астана қаласы уақытымен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік тілді меңгергені туралы сертификат алу үшін кандидат Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі жанындағы Ұлттық тестілеу орталығында (қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі – «ҚАЗТЕСТ») немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының «QAZAQ RESMI TEST» (ресми-іскерлік қазақ тілін тестілеу жүйесі) қазақ тілін тестілеудің онлайн-сервисінде тестілеуден өтуі қажет.

Өтінім берген сәтте мемлекеттік тілді меңгергені туралы сертификат болмаған жағдайда кандидатқа «ҚАЗТЕСТ» немесе «QAZAQ RESMI TEST» жүйесі бойынша тестілеуден өту үшін сілтемелер ұсынылады.

Бұл ретте кандидат тиісті сертификат алғаннан кейін іріктеуге қатысу үшін тіркеуді аяқтай алады.

Тіркелу басталмас бұрын кандидат Пайдаланушы келісімімен танысады, дербес деректерді жинауға және өңдеуге өз келісімін растайды, белгіленген талаптарды, оның ішінде:

компьютердің, 5мб/сек кем емес интернетке қосылу жылдамдығының және жұмыс істеп тұрған веб-камераның, құлаққап пен микрофонның болуы қажеттігі;

дұрыс емес мәліметтер берген немесе тапсырмаларды орындауға басқа адамдарды тарту фактілері анықталған жағдайда іріктеу кезеңдерінің кез келгенінен шығарылатыны;

іріктеудің барлық кезеңдерінде тест тапсырмаларының, ситуациялық тапсырмалардың және өзге де ақпараттың мазмұнына қатысты үшінші адамдарға ақпаратты таратпау туралы талаптарды қатаң сақтау бойынша міндеттеме қабылдайды.

Кандидат талаптарға (Қазақстан Республикасының азаматы, құжаттар тапсыру сәтінде жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі бар, еңбек өтілі 5 жыл, мемлекеттік тілді білетіндігі туралы қолданыстағы сертификаты бар) сәйкес келген жағдайда іріктеу кезеңдеріне жіберіледі.

2. Мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау

Бұл кезең кандидаттардың күрделі мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілеттерін айқындауға мүмкіндік беретін екі тестілеу блогынан тұрады және онлайн-платформада аудио-, бейнежазбамен сүйемелденеді. Осы кезеңнің өтуін бақылау прокторинг жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Тестілеудің бірінші блогы – мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалауға талаптарға сай келетін барлық кандидаттар өтеді.

Тестілеу басталмас бұрын кандидат оны жүргізу тәртібімен танысады және міндетті түрде Пайдаланушы келісімін қабылдайды.

Кандидат Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу жүргізу жоспарына (бұдан әрі – Жоспар) сәйкес белгіленген күн ішінде өзі таңдаған уақытта интернет-байланыс арқылы мемлекеттік не орыс тілінде мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалаудан өтеді. Тестілеуді тапсыру тілін кандидат дербес таңдайды. Тапсырмалар кандидатқа жеке кабинетте қолжетімді болады.

Мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау ұсынылған мәтіннің бөлігін зерделеуге және оның мазмұны бойынша жауап нұсқаларының бірін таңдауға арналған 25 тест тапсырмасынан тұрады.

Тестілеудің екінші блогы – сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау тестін тапсырған кандидаттардың 50%-ы өтеді, бірақ 5000 мың кандидаттан аспайды.

Сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау кесте, графика және диаграммалар түрінде ұсынылған ақпаратты зерделеуге және оның мазмұны бойынша жауап нұсқаларының бірін таңдауға арналған 25 тест тапсырмасынан тұрады. Қажет болған жағдайда кандидат қағаз, қарындаш және калькулятор пайдалана алады.

Әрбір бағалаудың ұзақтығы – 25 (жиырма бес) минуттан аспайды.

Тестілеу нәтижесін есептеу автоматты түрде жүзеге асырылады.

Бірнеше кандидаттың нәтижесі бірдей болған жағдайда тестілеудің келесі блогына Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жастар кадр

резерві жөніндегі ұлттық комиссия (бұдан әрі – Ұлттық комиссия) айқындаған саннан көп кандидат жіберілуі мүмкін.

Кандидаттарды саралау ескерілген тестілеу нәтижесі ақпараттық жүйеде әкімшінің жеке кабинетінде орналастырылады. Әкімші ең жоғары балға негізделе отырып, өткен кандидаттар санының шегін көрсетеді. Кандидаттардың нәтижелері олардың жеке кабинеттерінде және сайтта орналастырылады.

Сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау қорытындысы бойынша келесі кезеңге ең жоғары балл жинаған ең көбі 500 кандидат жіберіледі.

3. Ситуациялық тапсырмаларды шешу

Кезең басталмас бұрын кандидат оны жүргізу тәртібімен танысады және Пайдаланушы келісімін қабылдайды.

Бұл кезең кандидаттардың ситуациялық тапсырмалар түрінде жасалған нақты проблеманы шешуге көзқарасын бағалауға бағытталған. Дайын тапсырмалар кандидаттар арасында кездейсоқ тәртіппен бөлінеді. Осы кезеңнің қорытындысы бойынша кандидаттардың кәсіби қасиеттері бағаланады.

Кезең Жоспарға сәйкес Астана қаласының уақытымен белгіленген күн ішінде кандидатқа ыңғайлы уақытта онлайн-платформада эссе жазу форматында өтеді. Ұзақтығы – 45 минуттан, көлемі 500 сөзден аспауға тиіс. Бұл кезең онлайн-платформада аудио-, бейнежазбамен сүйемелденеді. Аталған кезеңнен өтуін бақылау прокторинг жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Тапсырманың шешілуін бағалауды бір уақытта тиісті қызмет бағыттары бойынша үш салалық сарапшы жүзеге асырады. Сарапшылар пулы академиялық орта өкілдерінен, мемлекеттік қызметшілер мен бизнес-қоғамдастық өкілдерінен тұрады. Сарапшылардың жалпы пулы кемінде 90 адамды құрайды. Жұмыстарды бағалау онлайн-платформада жүзеге асырылады, кандидаттардың жеке деректері көрсетілмеген жұмыстар бағалау үшін әрбір сарапшыға автоматты түрде бөлінеді. Бағалау белгіленген бағалау өлшемшарттарына сәйкес 5 балдық шкала бойынша жүзеге асырылады. Қорытынды баға сарапшылар қойған бағалардың орташа мәнінен шығарылады. Бұл ретте сарапшылар басқа сарапшылардың қойған бағасын көре алмайды. Осы кезеңнің нәтижесі кандидаттардың жеке кабинеттерінде жарияланады.

Осы кезеңнің қорытындысы бойынша ең жоғары балл жинаған 250 кандидат Президенттік жастар кадр резервіне іріктеудің келесі кезеңіне жіберіледі.

4. Құзыреттерді бағалау

Ситуациялық тапсырмаларды шешу кезеңінен кейін 250 үздік кандидат онлайн-платформада құзыреттерді бағалау кезеңінен өту үшін тіркеле алады. Олардың әрқайсысы Жоспарға сәйкес ұсынылған нұсқалардың ішінен рәсімнен өту күні мен уақытын таңдай алады. Тіркеу бірінші кезекте толу қағидаты бойынша жүзеге асырылады, тіркелмеген кандидаттар рәсімдер кестесіндегі бос «орындарға» сәйкес автоматты түрде бөлінеді.

Бұл кезең екі бағалау блогынан тұрады:

ассесмент-орталық;

құзыреттер бойынша сұхбат.

Ассесмент-орталық офлайн-форматта Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында өтеді. Ассесмент-орталық мінез-құлық индикаторларының жиынтығы арқылы кандидаттардың белгілі бір құзыреттерін (көшбасшылық, проблемаларды талдау және шешу, қызметті басқару, сендіре білу, проактивтілік) анықтауға және бағалауға бағытталған.

Құзыреттерді бағалаудың бұл блогы топтық және жеке тапсырмалардан тұрады, олардың өтуі барысында кандидаттардың мінез-құлқын сертификатталған сарапшы-бағалаушылар бақылайтын. Жалпы құзыреттерді бағалауға кемінде 15 сертификатталған бағалаушы және 5 супервизор тартылатын болады. Ассесмент-орталық рәсімінің ұзақтығы 6 сағаттан 8 сағатқа дейін жалғасады.

Ассесмент-орталықтың нәтижесі бойынша әрбір кандидатқа қысқаша есеп жасалады, олар кандидаттардың жеке кабинеттерінде рәсімнен өту сәтінен бастап 20 жұмыс күнінен кешіктірілмей орналастырылады.

Бағаланатын құзыреттердің бірі бойынша 1 балл алған, сондай-ақ «мәселелерді талдау және шешу» және «көшбасшылық» құзыреттері бойынша бір мезгілде 2 балл және одан төмен баға алған кандидаттарды қоса алғанда, нәтижелері ең нашар кандидаттар құзыреттер бойынша сұхбатқа жіберілмейді.

Нәтижесінде құзыреттерді бағалаудың келесі блогы – құзыреттер бойынша сұхбатқа орташа балды ескере отырып, рейтинг бойынша ең жақсы нәтиже көрсеткен ең көбі 170 кандидат жіберіледі.

Құзыреттер бойынша сұхбат Қазақстан Республикасының кәсіби HR-менеджерлерінің қатысуымен жеке тереңдетілген сұхбат түрінде онлайн-форматта жүргізілетін болады. Сұхбат кандидаттың құндылықтар бағдарын көрсететін құзыреттерін және ішкі ынта-жігерін анықтауға бағытталған. Сұхбатқа тіркелу үздік нәтиже көрсеткен 170 кандидат үшін онлайн-платформада алдыңғы блогтағыдай жүзеге асырылады.

Сұхбат нәтижесі бойынша іріктеудің келесі кезеңі – Сарапшылық комиссия мүшелерімен әңгімелесуге ең көбі 150 үздік нәтиже көрсеткен кандидат жіберіледі.

5. Сарапшылық комиссия мүшелерімен әңгімелесу

«Сарапшылық комиссия мүшелерімен әңгімелесу» кезеңіне іріктеудің алдыңғы кезеңінде үздік нәтиже көрсеткен ең көбі 150 кандидат жіберіледі. Сарапшылық комиссияның отырысы Жоспарға сәйкес белгіленген мерзімде өткізіледі.

Құзыреттерді бағалау кезеңінен кейін Сарапшылық комиссия мүшелерімен әңгімелесу кезеңінен өту үшін 150 үздік кандидат онлайн-платформада тіркеле алады. Олардың әрқайсысы ұсынылған нұсқалардың ішінен рәсімнен өту күні мен уақытын таңдай алады. Тіркеу бірінші кезекте толтыру қағидаты бойынша жүзеге асырылады, тіркелмеген кандидаттар автоматты түрде бөлінеді.

Сарапшылық комиссияда әңгімелесу кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде (бұдан әрі – Агенттік) кандидатқа тиісті аяны, саланы немесе қызмет бағытын дамыту бойынша өзінің көзқарасын таныстыру үшін уақыт беріледі (5 минуттан аспайды).

Осы кезеңде Сарапшылық комиссия құрамы тұрақты және тұрақты емес мүшелерден тұрады. Тұрақты құрамға Президент Әкімшілігінің және Агенттіктің өкілдері кіреді. Тұрақты емес құрамға мемлекеттік органдардың, сондай-ақ қажет болған жағдайда Президент Әкімшілігінің мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің басшылары енгізілуі мүмкін.

Ассессмент-орталықтың сарапшысы Сарапшылық комиссияда оның мүшелерінің сұрауы бойынша қатысушылардың жеке нәтижелерін ұсынады және/немесе түсініктеме береді.

Кандидатуралар Сарапшылық комиссия отырысында қаралғанға дейін олардың беделін түсіретін мәліметтердің бар-жоғы туралы, оның ішінде уәкілетті мемлекеттік органдарға сұрау салу негізінде олар жайында мәліметтер алдын ала жиналады.

Сарапшылық комиссия отырысының қорытындысы бойынша Ұлттық комиссия отырысында қарау ұсынылатын ең көбі 100 кандидаттың тізімі жасалады.

Бұл іріктеу кезеңінің нәтижелері кандидаттардың жеке кабинеттерінде орналастырылады.

6. Ұлттық комиссияның отырысы

Ұлттық комиссияның отырысына Сарапшылық комиссия ұсынған ең жоғары балл жинаған ең көбі 100 кандидат жіберіледі.

Ұлттық комиссия отырысының қорытындысы бойынша Президенттік жастар кадр резервіне ең көбі 50 кандидатты қабылдау туралы шешім қабылданады.
